

Қайыршақты ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 224 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күшін жою туралы

Атырау облысы Атырау қаласы Қайыршақты ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 тамыздағы № 415 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 17 тамызда № 4229 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің " Атырау қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2018 жылғы 21 маусымдағы № 07-5/263 хатына сәйкес Қайыршақты ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атырау қаласы Қайыршақты ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 16 мамырдағы № 224 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4154 болып тіркелген, 2018 жылғы 23 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қайыршақты ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушы*

А. Жайбусинов